

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН РЕЖЕП ТАЙИП ЕРДОҒАН ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКИЯ БИЗНЕС ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

2026 жылғы 14 мамыр

Мемлекет басшысы бұл форумның екі ел үшін тиімді әрі мазмұнды болғанын атап өтіп, алқалы жиынды ұйымдастыруға атсалысқан Түркия тарапына алғыс айтты. Президент Қазақстанда түрік компанияларына жан-жақты қолдау көрсетіліп жатқанына тоқталды. Қазір елімізде түрік капиталы бар 3 800-ге жуық кәсіпорын табысты қызмет етіп жатыр. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында мыңдаған жұмыс орны ашылды. Инвестициялық көрсеткішті арттыру үшін өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты терендету маңызды. Бүгінгі іс-шара бірлескен кәсіпорындар санын одан әрі көбейтуге мүмкіндік береді деп сенемін. Бұл ретте Қазақстан - Түркия үкіметаралық комиссиясы айрықша рөл атқаруға тиіс деп санаймын, – деді Қасым - Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін тілге тиек етті. Қазақстан – Орталық Азиядағы экономикасы ең ірі мемлекет. Былтыр еліміздегі ішкі жалпы өнім көлемі 6,5 пайызға өсіп, 300 миллиард доллардан асты. Бұл ішкі нарықтың тұрақтылығы мен зор әлеуетін көрсетеді. Біз осы үрдісті күшейте түсуге ниеттіміз. Бүгінде Қазақстан білімді, ғылымды және инновацияны дамытуға баса мән беріп отыр. Бұл – еліміздің алдында тұрған стратегиялық міндет. Өздеріңізге мәлім, наурыз айында елімізде жалпыхалықтық референдум өтті. Жаңа Конституцияға сәйкес Қазақстанда меншіктің барлық түріне кепілдік беріледі. Еліміздің бас құжаты инвесторлардың құқығын барынша қорғайды. Алайда шетелдік және отандық кәсіпкерлердің заңдарымызды бұзуға құқы жоқ. Конституцияға енгізілген «Заң мен тәртіп» қағидаты бойынша әр азамат заң алдында бірдей жауап береді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнеске қолайлы жағдай жасауды мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі ретінде атады. Қазір осы салада ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Президент жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі құрылды. Арнайы Инвестициялық штаб жұмыс істеп тұр. «Бір терезе» қағидатына сай қызмет көрсететін Ұлттық цифрлық платформа іске қосылды. Түрік кәсіпкерлерін осы мүмкіндікті пайдалануға шақырамын Елордамызда Астана халықаралық қаржы орталығы (AIFC) белсенді жұмыс істеп жатқанын білесіздер.



Бұл – инвесторлар мен кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсету үшін құрылған аймақтағы жетекші хаб. Орталық Ыстанбұл, Лондон, Дубай және Нью-Йорк қаржы орталықтарының үздік тәжірибесін қолдана отырып, ағылшын құқығына сәйкес жұмыс істейді. Қазақстан түрік бизнесімен байланысты кеңейте беруге мүдделі. Біздің білуімізше, Түркияда Президент Режеп Тайип Ердоғанның бастамасымен ұлттық экономикаға ауқымды инвестиция тарту үшін нақты шаралар қабылданып болды. Лайықты кәсіпкерлерге бірқатар жеңілдік пен артықшылықтар беріледі екен. Біз бұл бастаманы міндетті түрде сараптаймыз, қажетті тұстарын пайдалануға тырысамыз, – деді Президент. Мемлекет басшысы өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажет деп санайды. Президенттің пікірінше, көлік-логистика саласындағы байланысты нығайту айрықша маңызды. Қазақстан – Қытай мен Еуропаны жалғап тұрған мемлекеттердің бірі. Қазір осы бағыттағы жүк тасымалының 85 пайызы біздің еліміз арқылы өтеді. Транскаспий халықаралық

Қазақстанның тасымал саласындағы әлеуетін арттыруға оң ықпал етуде. Соңғы жылдары осы дәліз арқылы өткен жүк көлемі 5 еседен астам өсті. Былтыр контейнерлік жүк тасымалы 36 пайызға көбейді. Көп ұзамай бұл көрсеткішті 10 миллион тоннаға жеткізуді көздеп отырмыз. Біз транзиттік тасымал жүйесін тиімді үйлестіру үшін «Smart Cargo» бірыңғай цифрлық басқару платформасын әзірледік. Жалпы, Орта дәліздің мүмкіндігін арттыру баршамыздың мүддемізге сай келеді. Сондықтан түрік тарапына «e-permit» жобасын бірге жүзеге асыруды ұсынамыз. Бұл жоба жүк рәсімдерін электронды түрде, яғни, мейлінше ашық жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ әкімшілік шығындарды азайтады. «Орта дәліз» жобасын «Трампың халықаралық бейбітшілік және өркендеу жолы» (TRIPP) бастамасымен ұштастыру маңызды деп санаймын. Бұдан бөлек, түрік кәсіпкерлері еліміздің әуежай инфрақұрылымына қомақты инвестиция салғанын ерекше атап өткен жөн. Қазір TAV Holding компаниясы Алматыдағы халықаралық терминалды жаңғыртуда. Ал S Sistem Lojistik компаниясы Ақтөбе әуежайында логистика орталығын салуды жоспарлап отыр. Бұл жобалар Қазақстандағы әуе тасымалының әлеуетін арттыруға жол ашады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық экономиканы дамытуды аса маңызды міндет ретінде атап, жаппай цифрландыру үдерісіне айрықша көңіл бөлуге шақырды.

– Біз озық технологияларды түрлі салаға енгізу жұмысына ерекше мән беріп отырмыз. Қазақстан нағыз цифрлық ел болу үшін нақты қадамдар жасауда. Елімізде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Біз екі ірі суперкомпьютерді іске қостық. Астанада Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылды. Біз еліміздегі орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізу үшін ауқымды шараларды жүзеге асыра бастадық. Біз түрік компанияларымен жасанды интеллект, финтех, киберқауіпсіздік, онлайн қызмет салаларында нақты жобаларды бірлесе жүзеге асыруға қашанда дайынбыз, – деді Мемлекет басшысы.

akorda.kz сайтынан

«ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ТЕГЕУРІНДІ ӘУЛЕТ» - ЕҢБЕККЕ ТАҒЗЫМ



Алматы қаласында, Халықаралық көліктік - гуманитарлық университетінде белгілі теміржол тарланы, саналы ғұмырын ел теміржолының дамуына арнаған академик Амангелді Жұмағалиұлы Омаровтың 85 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция мен «Теміржолдағы тегеурінді әулет» кітабының тұсаукесер рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Теміржол саласының ардагерлері, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік мекеме өкілдері мен жас мамандар бас қосқан тағылымды жиын қазақ теміржолының қалыптасу тарихына арналған маңызды рухани шараға айналды.

Жиынның ашылуын университет ректоры техника ғылымдарының докторы, профессор Тұрдалиев Әуесхан Тұрдалыұлы мерейтой иесінің теміржол саласындағы көпжылдық еңбегіне ерекше тоқталып, оның кәсіби біліктілігі мен адамгершілік

қасиеттерін атап өтіп, ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтауын жолдады. Ұжымның атынан университет президентіне күміспен қапталған арнайы тапсырыспен жасалған «Қазақтар» (тарих және мәдениет) үш тілде жазылған құнды кітап табысталып, шапан жабылып үлкен құрмет көрсетілді.

Алғашқы құттықтау сөз «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары Марат Арапбекұлы Шакеновке берілді. Ол өз сөзінде теміржол ардагерлерінің ел экономикасын дамытудағы рөліне тоқталып, А. Омаровтың еңбегі кейінгі буын үшін үлгі екенін айтты.

Сонымен қатар, «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы консультативтік кеңесінің мүшесі Марат Шаймерденұлы Хамзин, Алматы бөлімшесінің басшысы Нұрым Лепесұлы Жаниязов, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Дуан Құмыранұлы Омаров, Алматы теміржолының ардагерлері мен кәсіподақ комитетінің төрағасы Асқар Қараманұлы Қараманов құттықтау лебіздерін білдірді. Жиында теміржол саласының беделді маманы, «Құрмет» орденінің иегері Бақтарбек Құрманғажыұлы Жүнісовтің арнайы видео құттықтауы көрсетілді. Ол өз сөзінде теміржол саласының ардагерлеріне құрмет көрсету – елдік дәстүрдің маңызды бөлігі екенін жеткізді.

Астана мен Қарағанды қалаларынан келген қонақтар да мерейтой иесіне ізгі тілектерін арнады. Атап айтқанда, «Қазақстан теміржолы» консультативтік кеңесінің хатшысы Қуаныш Идрисұлы Котырев пен Орталық аппарат ардагерлер кеңесінің төрағасы Берік Сағындықұлы Айтбеков сөз сөйлеп, теміржолшылар арасындағы сабақтастықтың маңызын атап өтті.

Шара барысында қоғам өкілдері де құттықтау сөз сөйледі. «Баян батыр» қорының президенті Қайрат Каркенұлы Тайкенов пен «Орталық одағы» қоғамдық бірлестігі президиумы төрағасының бірінші орынбасары Ұрандас Мұқташұлы Смағұлов А. Омаровтың елге сіңірген еңбегіне жоғары баға берді. Сонымен қатар, айтылмай жасалған қамқорлығы мен мейірімділігін паш



етіп, «Құрметті азамат» медальдарымен марапаттады.

Алматы қаласының әкімі Дархан Амангелдіұлы Сатыбалдының арнайы құттықтау хаты оқылып, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Оралбекұлы Қажденбек жастар тәрбиесіндегі ардагерлердің рөліне тоқталды.

Сондай-ақ, Әуезов ауданының әкімі Абзал Қуандықұлы Егембердиевтің құттықтауы жеткізіліп, аудан әкімінің орынбасары Бану Бағдаулетқызы Манапова, Іргелі ауылдық округі әкімінің орынбасары Аркен Ұланұлы мерейтой иесіне игі тілегін білдірді.

Конференцияда М.Тынышбаев атындағы АЛТ университетінің ректоры Меруерт Советқызы Жармағамбетова, мен ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұриддин Балқияұлы сөз сөйлеп, теміржол саласының тарихын дәріптеудің маңызын атап өтті. Бір топ шәкірттері ғылым докторлары мен профессорлар ұстазға деген сый-құрметін көрсетіп естелікке суретке түсті.

Шара соңында А. Омаровтың өмір жолы мен еңбегіне арналған «Теміржолдағы тегеурінді әулет» кітабының тұсауы кесіліп, қонақтарға таныстырылып қолтаңбамен сыйлыққа берілді. Тағылымды еңбек ел теміржолының тарихын, сала ардагерлерінің қажырлы еңбегін насихаттайтын құнды мұра ретінде бағаланады.

Халықаралық конференция – теміржол саласының ардагерлеріне көрсетілген зор құрметтің, ұрпақ сабақтастығы мен тарихи жадының айқын көрінісі болды.

Тағылымды шара соңында ақ дастархан жайылып, қонақтар қазақы қонақжайлықпен ұсынылған дәмнен ауыз тиді. Көңілге жылылық ұялатқан кездесу барысында ардагерлер естеліктерімен бөлісіп, өткен күндерден сыр шертті. Жиналған қауым мерейтой иесіне ақжарма тілектерін арнап, мерекелік кеш естелік суретке түсумен қорытындыланды.

85 жас — габратқа толы ғұмырдың биік белесі. Құрметті Амангелді Жұмағалиұлы, мерейтойыңыз құтты болсын! Ғылымдағы терең ізденістеріңіз бен теміржол саласындағы ерен еңбегіңіз ел дамуына қосылған өлшеусіз үлес. Мемлекеттік марапаттарыңыз — Сіздің адам қызметіңіздің әділ бағасы. Сіздей тұлғаның өмір жолы — кейінгі ұрпаққа өнеге. Мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілейміз!

Тлегенова Айман Сүлейменқызы
«Экспресс ТЖ» газетінің редакторы

ТЕГІНЕН ТЕЛІНГЕН ТҰЛҒАЛЫҚ



Тағдырдың таңдауына бұйрық немесе жымсықы қулық жүрмейтіні әлмисақтан белгілі. Ел ағасы, беделді басшы, қадірлі ұстаз, сыйлы азамат Амангелді ағаның қарамағында еңбек жолымды бастатып зейнеткерлікке шығарған Жаратқанға алғысым шексіз. Аға мерейлі (70-75-80) жасқа толған кездерінде лебіздімді бірде бір газет-журналдарға мақалалар жазған едім. Онда Амангелді Жұмағалиұлының жұмысындағы жетістіктерін көрсетіп, теміржолымызға сіңірген еңбегін тілге тиек еткенмін. Мақтап жазсаң жағайымпаздық сияқты болатындай сезімде болдым. Өйткені Ағаның қол астында қызмет істейтінмін.

Десе де, 85 жасқа толған кезде өзімнің кәсіби шыңдалуыма біліктілігімен, талапшылдығымен, жеке үлгісімен ықпал жасағанына алғысымды жазып білдірейін деген оймен қолыма қалам алдым.

Бүгін Амангелді Жұмағалиұлы ардақты абыз ақсақал, қазыналы-қадірлі қарт, елі құрметтейтін Тұлға! Қалай осы дәрежеге көтерілді десек туған жері отбасы, өскен ортасының өнегесі екеніне көзің жетеді. Қазақи ортада туып-өсіп, әкесінен дарыған кәсібилігі мен анасынан дарыған қазақтың қазақтығын танытатын ұлттық қасиеттердің нәрімен ауыздануында. Мектеп бітіріп үлкен өмірдің табалдырығын аттаған алғашқы қадамынан-ақ бағыт

бағдары айқын еді. Ол әкесінің ісін жалғастыру. Тәңір тағдырына Қазақ теміржолының кемеңгерлері М. Бисембиев, Р. Тұрғанбаев, Е. Боранбаев, Г. Виноградов, Қ. Ержанов, Қ. Көбжасаровтардың көзін көріп, ойларымен кемелденіп, тәлім тәрбиесін алуды жазыпты. Үзегілес Қ. Мұхамеджанов, Ө. Сақтанов., Т. Бадамбаев., Ж.Ахметов, А. Селбаев, М. Хамзин, Ю. Лавриненко, А. Есенғариндармен дер шақтарын бірге кешті. Осындай рухы биік, ұлттық санасы ояу қасиетті ортада өскен азаматтың тұлға болмауы мүмкін еместігін Аға осы ғұмырында дәлелдеді. Аталған тұлғалардың өз биігі барындай Ағамыздың өз биік шоқысы бар. Теміржолымыздың бары мен нары болды. Бұлай деп неге айтамыз, неге құрметтейміз?!

Әуелі кісілік пен кәсібиліктің тізгінін тең ұстағандығы. Адамгершілік ұстанымы өмірлік болмысынан айқын көрініп тұратын. Жаны жайсаң адамдарға тән қасиет өздерінің бойындағы жақсылықтың, ізгіліктің өрісті болуы үшін артынан ілескендердің жанына, жүрегіне сіңіру. Қоғам алдындағы, теміржолдың алдындағы, әр жеке бастың алдындағы жауапкершілігін терең сезінген Амангелді аға, біздерді соған баулып тәрбиеледі.

Жиған-тергенін, көрген-білгенін саралап көпке нақыл етті. Біздің түйгеніміз сөзқұмарлық, өркөкіректік, дандайсу мен менсінбеу, жасандылық, әсіресе жағымпаздық пен жалған сөйлеу ағамызға мүлдем жат екендігі. Сырт көзге қатал, сұсты көрінгенімен қарамағындағы мамандарға, айналасындағы адамдарға тек нұрлы ақылмен, жылы ілтипатымен, адами биік қасиетімен, тектілігімен жақын ағамызбен жүздесіп әңгімелескен сайын жан жайлауы мен көңілің кендігінен ғажайып бір шексіз дүниеге кенелесің, өзгеше бір дарқандыққа бөленесің.

Кәсібилігіне келетін болсақ өмірде, өзінің еңбек жолында, іс-әрекетінде байыпты да байсалды. Шиеленіскен



ДЕЛЕГАЦИЯ ТАЛДЫ-КОРГАНСКОЙ ОБЛАСТИ УЧАСТНИКОВ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ. 9 мая 1995 г. г. АЛМАТЫ



мәселенің шешімін ақылдасып, ойланып табудың шебері десем артық айтқандық емес. Өзім куә болған жайттарға тоқтала кетейін. 1986 жылдың күзгі қара суығында Алматының іргесіндегі Сорбұлақ су қоймасының іргесі сөгіліп, лай көшкін жолындағысын жайпап, автомобиль және теміржол көпірін шайып кетті. Аға құрылған шұғыл штабтың басшысы ретінде қысқа уақытта теміржол көпірін пойыз жүре алатындай қалыпқа келтіріп жол қозғалысын ашты. Теміржолдың әр саласынан келген

жұмысшылардың алдына нақты міндет қойып, даурығып шуылдатпай істі бітіргізді. Көзге түскен локомотившілердің еңбегін ерекше атап теміржолшылардың алдында бізді бір маркайтып тастап еді.

Ұйымдастыру, басшылық қабілетінің ерекше екендігіне Қазақстан мен Қытайдың арасындағы жолды ашудағы ісінен көзім жетіп, өзім үшін көп ой түйген едім. Ол кезде Алматы локомотив депосының бас инженері болатынмын. Достық стансасындағы қараусыз қалып бүлінген әр саланың ғимараттарын қалпына келтіру жұмысын өзінің жеке бақылауында ұстады. Бізге локомотив депосының ғимаратын жөндеу және стансаға жылу беруді жүктеді. Таңертен жұмысымыздан қоспарын сұрап, керек-жарақпен қамтамасыз етуге уәделесетінбіз. Кешкі есеп беруімізде бітпей қалған іске не себеп болғанын нақтылап, бір-бірімізге көмегімізді жасатып, барымызбен бөлісіріп қалпына келтіру жұмысын жоспарланған мерзімде аяқтатып еді.

«Сөзің мен ісің бір болсын» - деп (Абай) бізге шырқытыру кілтін тауып қиындықты еңбек жетегіндігін, өз ісіне адал болуды көрсетті. Қай істе де, қызметте де уәдесіне берік, асығыс шешім қабылдамауды бойымызға сіңірді.

Екі ел арасындағы қатынастың ашылуы теміржолымыздың әлеуетін асырып, дәрежесін көтеріп көкжиегін кеңейтті. Бұған қосқан ағаның еңбегі ерен. Мақтан мен мадаққа жаны қас, менмендігі жоқ, жұртқа жасаған жақсылығын, теміржолына сіңірген еңбегін ерін ұшымен болса да емеуірін танытып бұлдан көрмеген мінезінді халқына, тегіне тартып туғандығыңыз деп есептейміз.

Елімізде барлық саланы оңтайландыру мен жекешелендіру басталғанда тапқан бары мен бағына, даңқы мен атағына малданып, ықпалдыларды ықтап өзіне ыңғайлы

өмір сүруіне болар еді. «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні қаріп»- екендігін жете түсінген Аға, бүгінгі заман жастарын жаңғыру кезеңіне аяқ басқан жаһандану үрдісіне сай, өзгермелі қоғамның шындығына бетпе-бет келе алатындай оқытып, тәрбиелеуді қолына алды. Білім мен ғылымға құштар ұрпақ үшін ашқан колледжі мен университетінің орны бөлек. Қазақстан теміржолы мен елімізге білікті мамандар дайындау сапасын көтеру, оқу орнының ғылыми техникалық бағасын нығайтуға арналған істері өз жемісін беруде.

Міне осы жоғарғы оқу орнына жалалы, налалы, қапалы болып жүрген кезімде Аға жұмысқа шақырып, бойымды тіктеуге көп көмегін көрсетті.

Университетте қоян қолтық араласа жүріп көзімнің жеткені Ағаның мейірімділігі мен қайырымдылығы. Қаншама қолы қысқа отбасылардың балаларын тегін оқытып, оларды әкелік қамқорлығына алып, мейіріміне бөледі. Сол ұл – қыздардың колдарына дипломдарын алғанда көздеріне жас тұна тебіреніспен алғыс айтқан сәттерінің куәсі болдым. Олар қазіргі таңда еліміздің түпкір-түпкірінде адал еңбек етіп жүр.

Бұл көмегін риясыз көңілмен жасауы, Ағаның шынайылығының дәлелі. «Нұрлы жүрек, ыстық қайрат, ұлтына деген жылы жүректі» – Ағаға, болмасамда ұқсап бағуға тырысып өмір сүрген жайымыз бар.

Ғұмырын еліне, ұлтына, теміржолына арнаған Амангелді Жұмағалиұлы сексен бес дейтін асулы жасты өр келбетіне дақ түсірмей абыроймен қарсы алып отыр.

Алланың кесіп берген жасын жеңгей екеуіңіз бала – шағаларыңыздың ортасында қызығына кенеліп, ауырмай – сырқамай жасай берудеріңізге тілектеспін.

ҚАЖЫҒҰЛОВ Асман
сізді еңбек жолымдағы, Әкем деп тұтқан балаңыз,
Құрметті теміржолшы, техника ғылымдарының докторы

ТЕМІРЖОЛДЫҢ МӘҢГІЛІК ЛОКОМАТИВИ ЖӘНЕ БІЛІМНІҢ ШАМШЫРАҒЫ



2026 жылдың 30 сәуірінде Қазақстанның көлік саласы мен жоғары білім беру жүйесінің көрнекті тұлғасы, техника ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық көлік академиясының академигі Амангелді Жұмағалиұлы Омаров 85 жасқа толды. Ол өмірінің жарты ғасырынан астамын қазақ теміржолының дамуына және ұрпақ тәрбиесіне арнаған нағыз еңбек адамы.

1941 жылы Қарағанды облысының Балқаш қаласында дүниеге келген Амангелді Жұмағалиұлы теміржолшы отбасында өсті. Әкесі – Түрксіб теміржолының бас инженері, ҚазКСР Еңбек сіңірген құрылысшысы Жұмағали Омаровтың ізін жалғастырған ұл бала кезінен станцияларды аралап, әкесінің қасында еңбекке ерте араласты. «Теміржол – менің тағдырым», – деп жиі айтатын ол, осы сеніммен 1966 жылы Новосібір теміржол көлігі инженерлері институтын «Қатынас жолдарының инженер-құрылысшысы» мамандығы бойынша үздік бітірді. Еңбек жолы Арыс жол қашықтығында бригадирден басталып, Қарағанды жол қашықтығының бас инженері, басшысы, Алматы теміржолы басшысының орынбасары қызметтерімен жалғасты. 1991–1997 жылдары Алматы теміржолының басшысы болды. Осы жылдары Қазақстан теміржолының инфрақұрылымын жаңғыртуға зор үлес қосты: Мойынты – Шу, Шенгелді – Арыс, Арыс – Түлкібас телімдерін электрлендірді, Ақтоғай – Достық – Алашанькоу халықаралық дәлізінің құрылысын ұйымдастырды, Қытай бағытындағы алғашқы жүк және жолаушылар пойыздарын іске қосты. 1986 жылы әлемдік рекорд – 43,4 мың тонна салмақты, 440 вагоннан тұратын ауыр жылжымалы құрамның Тың теміржолы арқылы өткізуі қазақ теміржолшыларының кәсібилігі мен қайсарлығының мәңгілік символына айналды.

2003 жылдан бастап Амангелді Жұмағалиұлы Халықаралық көлік және гуманитарлық университеті (бұрынғы Қазақ жол қатынастары университеті) президенті қызметін атқарып келеді. Оның басшылығымен университет теміржол және көлік саласы үшін мыңдаған



білікті мамандар даярлады. 23 бакалавриат, 15 магистратура, 4 PhD бағдарламасы және колледж мамандықтары бойынша ондаған мың түлек ел экономикасының локомотивіне айналды. Жоғары білімнің сапасын арттыруға, ғылыми зерттеулерді өндіріспен тығыз байланыстыруға және халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше күш салды.

Ғылыми аяда Амангелді Жұмағалиұлы – 20-дан астам монографияның, 250-ге жуық ғылыми мақаланың авторы, бірнеше авторлық куәліктің иегері. Оның еңбектері теміржолдарды электрлендіру, қозғалмалы құмы бар

шөлдерде жол салу, жер табиғатын беріктігі мәселелеріне арналған. Жас ғалымдардың өсуіне үнемі қолдау көрсетіп, диссертациялық кеңестердің жұмысына белсенді атсалысты.

Мемлекет оның еңбегін жоғары бағалады: «Ерлік еңбегі үшін» медалі, «Құрметті теміржолшы», «ҚР Еңбек сіңірген көлік қызметкері», «ҚР Құрметті білім беру қызметкері» төсбелгілері, «Құрмет» және «Барыс» ордендері. 2026 жылы Ғылым күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды.

Амангелді Жұмағалиұлы – тек кәсіби маман және басшы ғана емес, Отанға деген сүйіспеншіліктің, ұрпақтар сабақтастығының және адал еңбектің нағыз үлгісі. Әкесінің Түрксібті салудағы ерлігін жалғастырып, тәуелсіз Қазақстанның теміржолын жаңа биіктерге көтерді. Оның өмірі жас буынға үлгі: қиындықтан қорықпау, еңбекті сүю және ел үшін адал қызмет ету.

Қадірлі Амангелді Жұмағалиұлы! 85 жылдық мерейтойыңыз құтты болсын! Сіздің өміріңіз бен еңбегіңіз – Қазақстанның көлік инфрақұрылымы мен білім беру саласының алтын қоры. Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, жаңа шабыт пен шәкірттеріңіздің жаңа жетістіктерін тілейміз! Сіздің есіміңіз ұрпақтан-ұрпаққа мәңгі сақталады.



БИГАЛИЕВА Шынар Аукенқызы
аға оқытушы, магистр.
БЕРДІМУРАТ Арман
аға оқытушы, магистр.
Бизнес және басқару кафедрасы



БАСТАЛУЫ «ТҮРІКСИБ» МӘГІСТІРӘЛІНЕН

Күллі қазақ халқына, бүкіл Қазақстан Кеңесі Социалистік Республикасына ататегіндей есімі аян болған ОМАРОВ Жұмағали Омарұлы, 1927-ші жылдан «Түріксіб» магистралінде еңбек жолын бастаған азамат. Сол заманда қазақтың тұңғыш теміржол инженері, әйгілі ТЫНЫШБАЕВ Мұхамеджан мырзаның таңдауы осы азаматқа түссе керек. Оның шындығы мен ақиқаты, мына біздерге, бүгін аңыз болып отыр...

Ерте заманнан темір жол торабы ел экономикасының қантамыры мен нерв жүйесі тәріздес. Оны царизм де, социализм де ел саясатының рычаг-тұтқасы деген. Ендігі іс осы жолды салу және пайдалану. Міне, Семей қаласынан оңтүстікке бағыт алған магистралді «ТҮРІКСТАН-СІБІР МӘГІСТРӘЛІ» (Турксіб)-деп атап, іс сәттен жүріп кетті.

1927 жылдың соңында жол құрылысы Жаңғызтөбеге жетіп, әрі қарай салынуы көп қиындықтарға тап болады. Әсіресе қыстың қатты аязы, суық жел жұмысшыларға ауыр тиген көрінеді. Ата-бабадан: «Жылы үй – жарты тамақ» - деген сөздің мәнісін ұғып өскен, осы ұжымның бастығы, Омаров Жұмағали мырза жұмысшылардың қолайлы күй-тұрмысына қатты көңіл бөліпті. Қазармалардың ішіне екіден емес, тікелей нұсқауы бойынша үш-үштен пеш салдырып, түгін шығар мұржасын айналмалы-жал етіп жасатқан екен. Осылайша жылы үйден суыққа, суықтан жылы үйге кірген адамға қолайлы жағдай жасауы, нағыз ерлік емес пе!?... Жаңа Үкімет байлардың малын тәркілеп, «Түріксіб» құрылысшыларының ас-су тағамын тоқ ұстаған көрінеді. Қазақтың жанын қазақ біледі ғой, ет жеп, сорпа ішпеген адам күрек-қайланы көтере алмайтыны анық. Айтуға өнеге көп. Мысалы: Лепсі мен Қаратал өзендеріне көлденең салынған екі көпір, толығынан икемділік пен іскерлік. Сол заманның ғылымы мен техникалық жетістігі. Техниканы игеру, орыстың тілі мен кириллицаны меңгеріп, оны қазақшаға аударумен қоса халыққа жеткізу оңай шаруа емес. Сонда жап-жас Жұмағали мырза оқу-білім, ғылым-ілім адамзаттың құралы, қолындағы қаруы, өшпес қазынасы деп, өмірінің негізіне айналдырады. Осыдан 98 жыл бұрын, алғыр жігіттің білгені, тоқығаны бұл. Міне, жігерлі жас жігіт жауапкершілігі мол, ауыр жұмыс соңынан күнделікті шаруашылықтың есеп-қисабын қағазға жазып, тіпті костюль шегенің де санын шашпай-төкпей тіркеп қояды екен. Түн ортасына дейін майшамның жарығымен жазу жазып, кітап оқу деген, тек құштарлығынан туған дүние. Сол замандағы материя тануы мен фәлсәфасы өте жоғары екенінің дәлелі болса керек. Қазақ халқының 90 пайызында ақындық қасиет бар. Оны Сергей Ефимович Малов (1880-1957) орыстың зерттеуші ғалымы жазып кеткені рас. Міне, Жұмағали Омарұлынан қол астындағы қызметтесіне айтқан бір шумағы былай:

Шойын жолдың құдіреті

Орыс тілінің күшінде.

Қазаққа айтып жеткізу

Аударма тілдің ұшында!, - дегені қандай керемет. Көзі көргендер үлкен абыроймен игі тұтып, бізге жеткізгені рас.

1931 жылы, 31-ші желтоқсанда «Түріксіб» шойынжол құрылысы толығынан бітіп, мемлекеттік комиссия қабылдап алаған соң, Ж.Омаров осы жолдың басқарма бастығының орынбасары қызметіне тағайындалады. Тәжірибе жинап үлгерген Ж.Омаровты, 1934 жылы Алтай-Риддер шойын жол құрылысын салуға тағы да бастық етіп



сайлайды. Ұлы Отан соғысында жауға атылған он оқтың тоғызын Қазақ елі дайындады десек, ол осы жол арқылы тасылғаны сөзсіз. 1941-45 жылдарда да Ресей мен Украинадан эвакуациялы халық пен завод - фабрикаларды Қазақстан қиын кезеңде қабылдап алған. Міне соншама маңызды істің сәттілігіне шойын жолдың қосқаны ұшан теңіз. Ал осы шаруаның бас-маңдайында Жұмағали мырзаның жүргені рас. Советтер Одағы жеңіске жеткен соң, И.В.Сталин «Трудовой Фронтта» еңбегі сіңген азаматтарын марапаттап, Кремльде өзі қабылдаған ерлердің ішінде Омаров Жұмағали Омарұлы да бар. Иығына генерал белгісі мен кеудесіне «Ұлы Отан соғысының ІІ-ші дәрежелі» орденін тағып шығады. Осы жалғыз өзіне ғана емес, бүкіл Қазақстан теміржолшыларына берілген баға. Бұл екінші мәрте кездесуі екен. 1941-ші жылы Украина жеріндегі станциялардан сәл-пәл жарамсыз 500 паровоздарды бір-біріне тіркеп, жасырын түрде (жасауға тастамай) алып шығуды ұйымдастырған полковник Омаров Ж.О. екен. Бұндай іс-шаруаны орыстың инженерлеріне тапсырмауында үлкен құпия жатыр...


Тағы сөз арасында, Қарағанды-сортировочная станцияның негізін қалаушы, Қазақстандағы темір жолдарды сақиналау істің жетекшісі, ұлттық мамандарды даярлаудың бастаушысы да осы ардагер. (Кейін бастаған істерінің соңына нүкте қойған, өзінің бел баласы Амангелді Жұмағалиұлы). Расында да, Мойынты-Шу, Балқаш-Саяк (үлкен Омаров), Саяк-Актоғай-Достық, Достық-Алашынқоуды (кіші Омаров) темір жол құрылысын салғанын білеміз. Туа біткен іскерлігінің арқасында Қазақстанның КП ОК бірінші хатшысы (ар кезеңде) Ж.Ш.Шаяхметов, Д.А.Қонаев және ЦК КП-ның сардар хатшылары Н.С.Хрущев, Л.И.Брежнев өз заманында **ОМАРОВ Жұмағали Омарұлына** жоғары баға беріп, омырауына «Еңбек Қызыл Ту» және «Ленин» орденін қадағаны елге аян. Бұны теміржолшы қауымының ерекше тәртіппен, халықшаруашылығына қосқан үлесі деп ұғамыз.

Совет Үкіметі 50 жылдық мерекесін тойлаған мезгілде, Жұмағали атамыз алпыстың бесеуінде екен. Қалдырған ізі, жасаған еңбегі бір кісінің басынан асып жығылады. 1967-ші жылы, Алматы темір жол басқарма бастығы қызметінен өзі босап, Мәскеудегі МПС СССР-ға барып, Қазақ ССР-іне Темір жол институты керектігін дәлелдейді. Еңбегі сіңген теміржолшы, шексіз абырой, үлкен беделіне қоса кеудеге Ордендеріне бас иген, сол кездегі КСРО Совминдік председателі А.Н.Косыгин бұл сауалын қолдауға мәжбүр болған. Соңынан Ташкенттегі Теміржол институтының филиалы етіп, алғашқы Темір жол институты Алматыда ашылған екен. Әрине, Омаров Жұмағали Омарұлы осы институттың бірінші директоры болады. Ол бүгінгі Қаз АТК.

Төре сөздің түбірі былай: бүгінгі Қазақстанда білім алған теміржолшы мамандар мен ғалым оқытушы ұстаздар және тәлімгер-шәкірт жастардың есіне: «**Әйгілі бағбан, биология ғылымындағы В.Мичуриннің дәрежесі қандай болса, Қазақ Теміржол ғылымында Ж.Омаровтың дәрежесі сондай!**» - деп, түсіну керек. Өйткені ата-бабамыз: «Атадан ер-ұл туса игі, елге тірек болса игі...» дегенін ұмытпауға тиістіміз!

**САДУОВ Назымбек Ғайсаұлы,
ҚР Журналистер одағының мүшесі**

ПАРАСАТ ПЕН МЕЙІРІМНІҢ ШАМШЫРАҒЫ



Аса құрметті Амангелді Жұмағалиұлы! Сіздің 85 жылдық мерейтойыңыз — бір адамның ғана емес, тұтас бір буынның, бір дәуірдің мерекесі іспетті. Кеше өткен салтанатты кештен ерекше әсер алып, жүрегім толқып, жаным тебіренді, көзіме еріксіз жас келді.

Сіз — тек ұстаз немесе ғалым ғана емес, Сіз — шынайы адамгершіліктің, кен жүректің, парасат пен даналықтың жарқын үлгісісіз. Өмір жолыңыз — талай жаңа бағыт-бағдар беретін шамшырақ. Биік тұлғаныз, кең пейіліңіз, жомарт жүрегіңіз бізді әрдайым тәнті етеді. Ешкімге жария етпей, қаншама жаңа қамқор болып, жетім-жесірге қолдау көрсетіп, оларды оқытып, өмірге қанат қақтырдыңыз. Сіздің арқаңызда талай жас білім алып, үлкен өмірге жолдама алды, өз орнын тапты. Солардың бірі — менмін. Сіздің «Жас мамандар жалғыз емес» деген ұстанымыңыз олардың жүрегіне үміт отын жақты. Бұл — өлшеусіз мейірім мен нағыз азаматтықтың айқын көрінісі. Сіздің әрбір ісіңізден ізгілік, әрбір сөзіңізден даналық сезіледі. Жүрегіңіздегі жылулық пен мейірім, ақыл-парасатыңыз бен адамдық асыл қасиеттеріңіз біз үшін мәңгілік үлгі болып қала бермек.

Жаратушым Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, баянды бақыт нәсіп етсін! Әрдайым отбасыңыздың ортасында аман-есен болып, абыройыңыз асқақтап, ұрпақтарыңыздың қуанышына бөлене беріңіз! Жаныңызға тыныштық, жүрегіңізге шаттық тілеймін! Ұрпағыңызбен жақсылық көріп, жүз жиырма жасаңыз!

Сіздей тұлғамен бір дәуірде өмір сүріп жатқанымыз — біз үшін үлкен мәртебе. Сіз менің ғылыми жетекшім, ардақты ұстазым Биттибаев Совет Мешитбаевич ағайым секілді екінші әкем болдыңыз. Сіздің әрбір сөзіңіз, әрбір ақылыңыз мені алға жетелеп, болашаққа жол ашты, бүгінгі жеткен жетістіктеріме үлкен үлес қосты. Совет Мешитбаевич ағайымның: «Самал, АҒАЙДЫ тында, ол кісінің әр сөзінде даналық жатыр, өте адамгершілігі мол кісі» деген сөздерінің ақиқат екеніне уақыт өте келе толық көзім жетті.

Сізді шын жүрегіммен қатты жақсы көремін, терең құрметтеймін және жасаған жақсылығыңызды ешқашан ұмытпаймын.

Ізгі тілекпен, шәкіртіңіз техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор ҚАРАСАЙ Самал Шалқарбайқызы



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР! ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІКТІК - ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ 2026-2027 оқу жылына талапкерлерді оқуға қабылдайды

Шекті балл - 50 балл. Техникалық мамандықтарға мемлекеттік гранттар қарастырылған.
ЖОО коды – 162



MTGU UNIVERSITY

УВАЖАЕМЫЕ АБИТУРИЕНТЫ! МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТРАНСПОРТНО - ГУМАНИТАРНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ объявляет приём абитуриентов на 2026 –2027 учебный год.

Приём осуществляется по следующим условиям:
Минимальный пороговый балл — 50 баллов;
Для технических специальностей предусмотрены государственные образовательные гранты.
Код ВУЗа: 162

БАКАЛАВРИАТ
6B04104 – Менеджмент
6B04105 – Экономика
6B04107 – Есеп және аудит
6B04109 – Маркетинг
6B04111 – Кеден ісі
6B04146 – Қаржы
6B06102 – Ақпараттық жүйелер
6B06113 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру
6B06200 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар
6B07100 – Көлік, көліктік техника және технологиялар (Вагондар, Локомотивтер, Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы, Көтергіш көлік, құрылыс, жол машиналары мен жабдықтары)
6B07101 – Автоматтандыру және басқару
6B07102 – IT энергетикасы
6B07103 – Электр энергетикасы
6B07133 – Машина жасау
6B07312 – Құрылыс
6B07316 – Көлік құрылысы (Жолдар мен аэродромдар құрылысы, Темір жол құрылысы, Көпірлер мен тоннельдер)
6B11300 – Тасымалдау мен жол қозғалысын ұйымдастыру және көлікті пайдалану
6B11355 – Логистика
Күндізгі оқу түрі – 4 жыл
Күндізгі қысқартылған оқу түрі – 2, 3 жыл

МАГИСТРАТУРА
7M04121 – Экономика
7M04130 – Іскерлік әкімшілік
7M04175 – Қаржы
7M06127 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру
7M06202 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар
7M07100 – Электр энергетикасы
7M07103 – Автоматтандыру және басқару
7M07123 – Көлік, көліктік техника және технологиялар
7M07311 – Құрылыс
7M07313 – Көлік құрылысы
7M11300 – Логистика
7M11301 – Тасымалдау мен жол қозғалысын ұйымдастыру және көлікті пайдалану
Бейіндік бағытында – 1,5 жыл.
Ғылыми-педагогикалық – 2 жыл

ДОКТОРАНТУРА Ph.D
8D07100 – Автоматтандыру және басқару
8D07101 – Көлік, көліктік техника және технологиялар
Оқу мерзімі – 3 жыл
БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙ:
Алматы қ, ы-а Жетісу-1, үй. 32а;
тел.: 8 (727)381-43-34, Email: pk@mtgu.edu.kz
8-705-100-09-66, Instagram: @mtgu_edu
8-747-012-69-87. Сайт: www.mtgu.edu.kz

ӨМІРҒАЗЫНОВ Айдархан Абайұлы
Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы

Направления подготовки (бакалавриат):
6B04104 – Менеджмент
6B04105 – Экономика
6B04107 – Учет и аудит
6B04109 – Маркетинг
6B04111 – Таможенное дело
6B04146 – Финансы
6B06102 – Информационные системы
6B06113 – Вычислительная техника и программное обеспечение
6B06200 – Радиотехника, электроника и телекоммуникации
6B07100 – Транспорт, транспортная техника и технологии (Вагоны, Локомотивы, Автомобили и автомобильное хозяйство, Подъемно-транспортные, строительные, дорожные машины и оборудование)
6B07101 – Автоматизация и управление
6B07103 – Электроэнергетика
6B07102 – IT Энергетика
6B07133 – Машиностроение
6B07312 – Строительство
6B07316 – Транспортное строительство (Строительство дорог и аэродромов, Строительство железных дорог, Мосты и тоннели)
6B11300 – Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта
6B11355 – Логистика
На очной форме обучения – 4 года
Очная сокращенная форма обучения – 2,3 года
Наш адрес: г. Алматы, м-н Жетісу-1, д. 32а;
тел.: 8 (727)381-43-34, Email: pk@mtgu.edu.kz
8-705-100-09-66, Instagram: @mtgu_edu
8-747-012-69-87. Сайт: www.mtgu.edu.kz

МАГИСТРАТУРА
7M04121 – Экономика
7M04130 – Деловое администрирование (EMBA)
7M04175 – Финансы
7M06127 – Вычислительная техника и программное обеспечение
7M06202 – Радиотехника, электроника и телекоммуникации
7M07100 – Электроэнергетика
7M07103 – Автоматизация и управление
7M07123 – Транспорт, транспортная техника и технологии
7M07311 – Строительство
7M07313 – Транспортное строительство
7M11300 – Логистика
7M11301 – Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта
Профильная подготовка – 1,5 года
Научно-педагогическая – 2 года
ДОКТОРАНТУРА Ph.D
8D07100 – Автоматизация и управление
8D07101 – Транспорт, транспортная техника и технологии
Сроки обучения – 3 года

ӨМІРҒАЗЫНОВ Айдархан Абайұлы
Ответственный секретарь
приёмной комиссии



«Алматы техника - экономикалық қатынас жолдары колледжі»



«Алматинский технико-экономический колледж путей сообщения»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
№ 13009129 Мемлекеттік лицензиясы

Государственная лицензия
Министерства просвещения РК № 13009129

АТЭҚЖК қазіргі кезеңде техникалық және кәсіптік білім негізінде 14 мамандық бойынша білім береді:

МАМАНДЫҚТАР:

04110100 - Есеп және аудит
04120100 - Банк және сақтандыру ісі
04130200 - Логистика (салалар бойынша)
06130100 - Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)
07130200 - Электрмен қамтамасыз ету (салалары бойынша)
07130600 - Темір жолдың электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету
07140700 - Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару
07160400 - Темір жол көлігінің көтергіш - көлік, құрылыс - жол машиналары мен механизмдерін техникалық пайдалану

07160500 - Темір жолдың жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету
07160600 - Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету
07161300 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану
07320800 - Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы
10410200 - Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару
10410400 - Жол қозғалысын ұйымдастыру

ОҚУ МЕРЗІМІ:

9 сынып негізінде
1) техникалық мамандықтар бойынша – 3,4 жыл
2) экономикалық мамандықтар бойынша – 3 жыл

11 сынып негізінде
1) техникалық мамандықтар бойынша – 2,3 жыл
2) экономикалық мамандықтар бойынша – 2 жыл

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІ ОСЫ МЕКЕН ЖАЙДА:

Алматы қаласы, ы-а Жетісу-1, үй.32а;
Тел.: 8(727)381-43-34,
8(727)376-74-78 (ішкі. 555),
Моб.тел.: 8-705-100-09-66
8-747-012-69-87

E-mail: atek_ps@mail.ru
Instagram: @atekps_edu
Сайт: www.atekps.edu.kz

ӨМІРҒАЗЫНОВ Айдархан Абайұлы
Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы

В настоящее время Алматинский технико-экономический колледж путей сообщения ведет подготовку кадров по 14 специальностям технического и профессионального образования.

СПЕЦИАЛЬНОСТИ:

04110100 - Учет и аудит
04120100 - Банковское и страховое дело
04130200 - Логистика (по отраслям)
06130100 - Программное обеспечение (по видам)
07130200 - Электроснабжение (по отраслям)
07130600 - Электроснабжение, эксплуатация, техническое обслуживание и ремонт электротехнических систем железных дорог
07140700 - Автоматика, телемеханика и управление движением на железнодорожном транспорте
07160400 - Эксплуатация и техническое обслуживание подъемно-транспортных, строительно-дорожных машин и механизмов железнодорожного транспорта

07160500 - Эксплуатация, ремонт и техническое обслуживание тягового подвижного состава железных дорог
07160600 - Эксплуатация, ремонт и техническое обслуживание вагонов и рефрижераторного подвижного состава железных дорог
07161300 - Техническое обслуживание, ремонт и эксплуатация автомобильного транспорта
07320800 - Строительство железных дорог, путь и путевое хозяйство
10410200 - Организация перевозок и управление движением на железнодорожном транспорте
10410400 - Организация дорожного движения

СРОКИ ОБУЧЕНИЯ:

на базе 9 классов
1) технические специальности – 3,4 года;
2) экономические специальности – 3 года;

на базе 11 классов
1) технические специальности – 2,3 года;
2) экономические специальности – 2 года.

ПРИЕМ ДОКУМЕНТОВ ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ ПО АДРЕСУ:

г.Алматы, м-н Жетісу-1, д.32а;
Тел.: 8(727)381-43-34,
8(727)376-74-78 (внутр. 555),
Моб.тел.: 8-705-100-09-66
8-747-012-69-87

E-mail: atek_ps@mail.ru
Instagram: @atekps_edu
Сайт: www.atekps.edu.kz

ӨМІРҒАЗЫНОВ Айдархан Абайұлы
Ответственный секретарь
приёмной комиссии